



Жергілікті атқарушы органдар борышының 2023 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 желтоқсанда № 31166 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 210-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар борышының 2023 жылға арналған лимиттері белгіленсін.

2. Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 129 бұйрығына
қосымша

Жергілікті атқарушы органдар борышының 2023 жылға арналған лимиттері

Ескерту. Лимиттері жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2023 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың тенге
1	2	3
1	Абай облысы	79 628 293,8
2	Ақмола облысы	132 553 104,0
3	Ақтөбе облысы	122 567 176,4
4	Алматы облысы	140 780 319,7
5	Атырау облысы	93 030 217,6
6	Батыс Қазақстан облысы	106 749 507,0
7	Жамбыл облысы	179 928 975,6
8	Жетісу облысы	94 362 202,8
9	Қарағанды облысы	158 681 280,3
10	Қостанай облысы	128 118 517,2
11	Қызылорда облысы	133 518 990,6
12	Маңғыстау облысы	100 852 689,0
13	Павлодар облысы	103 456 476,9
14	Солтүстік Қазақстан облысы	103 062 888,4
15	Түркістан облысы	274 417 913,8
16	Ұлытау облысы	31 235 892,8
17	Шығыс Қазақстан облысы	111 464 373,4
18	Алматы қаласы	207 707 484,7
19	Астана қаласы	196 432 008,4
20	Шымкент қаласы	119 266 435,5